



СТУДЕНТТЕР МЕН ЖАС ҒАЛЫМДАР АРАСЫНДА ШЕРХАН МҰРТАЗА, КАМАЛ СМАЙЫЛОВ, САҒАТ ӘШІМБАЕВ ЖӘНЕ НҮРТІЛЕУ ИМАНҒАЛИҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ «ТАҢШОЛПАН» ЖАСТАР БАЙҚАУЫ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ақпараттық қолдауымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы жазушы-публицист, өнертанушы, телевизия қайраткері Шерхан Мұртаза, Камал Смайыловтың 90 жылдығына және тележурналист, жазушы Сағат Әшімбаевтың 75 жылдығына, ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, тележурналист Нүртілеу Иманғалиұлының 70 жылдығына орай «ТАҢШОЛПАН» телевизиялық жастар байқауын жариялайды.

Конкурсқа жоғары оқу орындарының студенттері мен 30 жасқа дейінгі жас ғалымдар қатыса алады.

Байқаудың мақсаты - жоғары оқу орындарының студенттері түсіретін телефильмдер мен телебағдарламалар өндірісіне қолдау білдіру, телемамандар арасындағы мәдени және шығармашылық байланыстарды нығайту әрі дамыту, ұлттық телевизиялық мектептің жетістіктерін дәріптеу арқылы Қазақ телевизиясының қайраткерлері Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев, Нүртілеу Иманғалиұлының есімін ұлықтау.

Байқау шарттары:

Байқауға 2022 жылы түсірілген қазақ тіліндегі авторлық шығармашылық жұмыстар қабылданады. Байқау жұмыстары 2022 жылдың 30 қарашасына дейін mediaschoolalmaty2020@gmail.com жолдануы тиіс.

Байқау аталымдары:

- *Үздік бейне материал (Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев, Нүртілеу Иманғалиұлы атындағы жүлде)*
- *Журналистік зерттеу жұмысы (Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев, Нүртілеу Иманғалиұлы атындағы жүлде)*
- *Үздік мультимедиялық жоба (Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев, Нүртілеу Иманғалиұлы атындағы жүлде)*

Жеңімпаздарды ұйымдастырушылар мен арнайы құрылған комиссия анықтайды. Үздік шыққан жоба иегерлері қаржылай сыйлықтармен марапатталып, жұмыстар Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық

даму министрлігі, «Қазақстан» РТРК» АҚ, «Хабар» АҚ және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ресми сайттарында жарияланады.

Телевизиялық «Таңшолпан» жастар конкурсы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және Журналистика факультетінің бастамасымен алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Бүгінде «Қазақстан» телерадиокорпорациясының «Алтын қорында» Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев, Нұртілеу Иманғалиұлының жетекшілігімен ашылған ұлттық телевизия жауһары саналатын «Асыл мұра», «Көкпар», «Қымызхана», «Алтыбақан» «Айтыс», «Терме», «Тамаша», «Парыз бен қарыз», «Жүректен» қозғайық», «Құрдастар», «Бетпе-бет» «Nur Tiley» бағдарламалары сақтаулы.

Марапаттау:

Байқау жеңімпаздары 1,2,3-дәрежелі дипломдармен марапатталып, шәкіртақы тағайындалады.

Байқауға жолданған жұмыстар мен жобаларға қойылатын техникалық талаптар:

Жұмыстар электронды түрде, ал тележобалар ютуб арнасына жазылып сілтемелері ұсынылуы тиіс.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультеті

Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, с.ғ.д., профессор Г.С. Сұлтанбаева тел.: +77272211492, моб.: +77011527488, +77073777049

Ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, PhD А.Б. Ақынбекова, тел.: +77272211351, моб.: +77772750861